ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1267954 , Көлікте ақпараттық ресурстармен қолжетімділікті ұйымдастыру жөніндегі қызмет сатып алу бойынша Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (138 У, 4574532) Көлікте ақпараттық ресурстармен қолжетімділікті ұйымдастыру жөніндегі қызмет

Тапсырыс беруші: "Жолаушылар тасымалы" акционерлік қоғамы

Ұйымдастырушы: "Жолаушылар тасымалы" акционерлік қоғамы

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	138 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Көлікте ақпараттық ресурстармен қолжетімділікті ұйымдастыру жөніндегі қызмет, Көліктегі ақпараттық қорға қол жетімділікті ұйымдастыру бойынша қызметтер
Қосымша сипаттама	Ойын-сауық бағдарламаларына қол жеткізу, пойыздардың қозғалыс кестесі, аялдама пункттері, жолаушылар мен қызмет көрсетуші персоналдың негізгі жол жүру шарттары, құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат, сервис және қызмет көрсету сапасы жөніндегі пікірлер мен ұсыныстар орналастыру мүмкіндігі, сондай-ақ пойыздағы сервистік қызметтер тізбесі туралы ақпарат
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, ҚР барлық аумағы
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2031 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Көліктегі ақпарат ресурстарының қолжетімділігін ұйымдастыру қызметі.

Ақпарат ресурстары дегеніміз:

Ойын-сауық бағдарламалары, пойыздардың қозғалыс кестесі, аялдама пункттері, жолаушылар мен қызмет көрсетуші персоналдың негізгі жол жүру шарттары, құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат, сервис және қызмет көрсету сапасы жөніндегі пікірлер мен ұсыныстар орналастыру мүмкіндігі, сондай-ақ пойыздағы сервистік қызметтер тізбесі туралы ақпарат.

Қызметтің өлшем бірлігі – 1 жол тасымалданған жолаушы.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ компаниялар тобына кіретін кәсіпорындар бойынша негізгі өндірістік көрсеткіштер бойынша бекітілген жоспар (2027-2031 жылдар):

2027 жылы – 12 742 649 жолаушы

2028 жылы – 13 224 375 жолаушы

2029 жылы – 13 527 998 жолаушы

2030 жылы – 13 980 045 жолаушы

2031 жылы – 14 484 460 жолаушы.

Пойыздардағы жолаушыларға ақпарат ресурстарының қолжетімділігін ұйымдастыру үшін жеткізуші өзінің жабдықтары мен бағдарлама жасақтамасын пайдалана отырып «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар пойыздарына №1 қосымшада көзделген мерзім ішінде ақпарат ресурстарын жүктеп, пойыздардағы ақпарат ресурстарының қолжетімділігін ұйымдастыруы тиіс.

Көліктегі ақпарат ресурстарының қолжетімділігін ұйымдастыру қызметі мынадай талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс:

1. Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығымен бекітілген темір жол көлігімен жолаушылар, жүк, жүк-багаж бен пошта жөнелтілімдерін тасымалдау ережесі;

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарт, халыққа қызмет көрсету, жолаушылар пойыздарында жолаушыларға қызмет көрсету. Жалпы талаптар ҚР СТ 1547-2021.

Жүйенің веб-интерфейсі кросс-платформалық, кросс-браузерлік, бейімделгіш болуы және мобильді құрылғылар мен дербес компьютерлердегі браузерлердің өзекті нұсқаларына қосымша бағдарлама жасақтамасын орнатпай-ақ дұрыс жұмыс істеуі тиіс.

Бағдарлама жасақтамасының интерфейсі 3 тілде (қазақ, орыс, ағылшын) болуы тиіс.

Браузер ашылғанда және пойыздағы жолаушылар өз құрылғыларындағы кез келген сілтеме бойынша өткен кезде портал автоматты түрде жүктелуі тиіс, сондай-ақ мобильді қосымшаның iOS (App Store) және Android (Play Market) арқылы жүктелу мүмкіндігі болуы тиіс.

Сервер жабдығына орнатылатын бағдарлама жасақтамасында Android, iOS, OS X, Microsoft Windows, Linux ОЖ негізіндегі дербес құрылғыларға қосымша бағдарлама жасақтамасын орнатпай-ақ бейнеконтент ойнатылатын кіріктірілген бейнеплеер болуы тиіс.

Ақпарат ресурстарында тапсырыс берушінің келісімі бойынша мынадай міндетті ақпарат, ойын-сауық бөлімдері мен ақпарат қамтылуы тиіс, олар:

1) пойыз туралы (қозғалыс кестесі мен жол бойындағы станциялар туралы ақпарат);

2) қызметтер (пойыздағы сервистік қызметтер туралы ақпарат) фото, видео, аудио материалдар тапсырыс берушінің шешіміне қарай;

3) жол жүру шарттары мен ережесі, жолсеріктің, жолаушының, пойыз бастығының құқықтары мен міндеттері;

4) жаңалықтар (бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған жаңалықтар мен «Жолаушылар тасымалы» АҚ корпоративтік жаңалықтары қамтылған ақпарат);

5) «Вагон-ресторан», ас мәзірі және пойызда бар басқа да қызметтер туралы ақпарат;

6) сервистік қызметтер туралы;

7) кемінде 120 фильмнен тұратын контент, оның ішінде:

- көркем фильмдер, оның 50%Қазақстанда жасалған контент, 20% шетелдік өнімдерден болуы тиіс;

- Қазақстанда жасалған деректі фильмдер – кемінде 10%;

- мультипликациялық фильмдер – 20%;

8) ТМД елдерінен басқа, кемінде 20 шақты жаңа толық метражды шетелдік фильмдер;

9) музыка – 100 музыкалық туынды, оның 50%-ы қазақстандық авторлар мен орындаушыларды қамтуы тиіс;

10) ойындар – мобильді құрылғыларға бейімделген кемінде 10 ойын;

11) электронды және аудио кітаптар – кемінде 100 кітап;

12) аудиогид (қалалар, станциялар мен көрікті жерлерд сипаттайтын, жолда болу уақытын көрсететін ауди ақпарат);

13) жолаушылардың жолаушылар тасымалының ұйымдастырылуы, сервистік қызметтердің көрсетілуі және мультимедиялық порталдың жұмысы жөніндегі пікірлері мен ұсыныстарын қалдыруға арналған кітап нысаны;

14) тапсырыс берушінің шешімі бойынша берілетін қосымша ақпарат;

15) жолаушылар мен тапсырыс беруші қызметкерлеріне арналған тегін «24/7» колл-орталығының жұмыс істейтіні және телефон нөмірі көрсетілгені туралы ақпарат;

16) мультимедиялық порталдың негізгі бөлімінің интерфейс стилі ұлттық сипатта болуы және жолаушының таңдаған бөлімі ескерілуі тиіс.

17) Қазақстанның қалалары туралы бейне материалдар Timelapse форматында болуы тиіс.

Ақпарат ресурстарына мыналар кірмеуі тиіс:

1) көлік апатын сипаттайтын/бейнелейтін ақпарат;

2) зорлық-зомбылық пен қатыгездік көрініс тапқан/сипаттайтын ақпарат;

3) Қазақстан Республикасын беделін түсіретін/қаралайтын ақпарат;

4) «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамының, «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы мен темір жол қызметкерлерінің беделін түсіретін/қаралайтын ақпарат;

5) порнографиялық сипаттағы көріністер/ақпарат;

6) зорлық-зомбылыққа, ұлтаралық, әлеуметтік немесе өзге де алауыздыққа шақыратын /қоздырыратын ақпарат;

7) экстремистік сипат көрініс тапқан ақпарат.

Жеткізуші пойыздардағы жолаушыларға ақпарат ресурстарының қолжетімді болуын ұйымдастыру қызметін көрсету кезінде:

- жолаушылар вагондарындағы мультимедиялық порталға қосылу жөніндегі нұсқаулықтың тапсырыс берушімен келісілген көрнекі ақпарат түрінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде орналастырылуын,

- контенттің (фильмдер, музыка) ай сайын әр айдық 10 (онына) дейін кемінде 10% жаңартылып отыруын,

- контенттің (көркем, мультипликациялық, деректі фильмдер) кемінде 50%-ы қазақ тілінде таратылуын,

- пойыз туралы, пойыздағы қызметтер туралы, қосымша ақпараттың кемінде 3 (үш) тілде (қазақ, орыс, ағылшын) берілуін қамтамасыз етуі тиіс.

- Тапсырыс берушінің жазбаша келісімі бойынша ақпарат ресурстарын басқа да ақпарат, ойын-сауық бөлімдерімен/материалдарымен толықтыра алады немесе тапсырыс берушінің өтінімі бойынша толықтыруы тиіс;

- қызметтің үзіліссіз көрсетілуін, сондай-ақ статистикалық есептің жиналуын бақылап отыратын жабдықты мониторингілеу жүйесі болуы тиіс.

Жеткізуші жолаушыларға пойыздардағы ақпарат ресурстарының қол жетімді болуын ұйымдастыру қызметін көрсету кезінде мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының авторлық және сабақтастық құқық саласындағы заңнама талаптарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының талаптарының сақталуын,

2) жабдыққа техникалық қызметтің көрсетілуін және оған

жекетшілік етілуін,

3) ақпаратты рұқсатсыз алуға жол берілмеуін және (немесе) оның ақпаратқа құқығы жоқ адамдарға берілмеуін,

4) ақпарат ресурстарын рұқсатсыз алуға әрекет жасау фактілерін анықтау тетіктерінің қолданылуын,

5) филиалдың тұрақты жұмыс істейтін, пойыз құрамын рейске дайындайтын комиссиясының жұмысына күн сайын қатысуын, мультимедиялық портал жұмысының тексеріліп отыруын және тапсырыс берушінің өкілдерімен бірлескен тексеру нәтижелері туралы еркін нысанда жасалған актіге қол қойылуын, жабдыққа пломба қойылуын, ақаулар анықталған жағдайда анықталған ақаулардың пойыз жасақтау пунктінен рейске жөнелтілгенге дейін өз күшімен жойылуын қамтамасыз ету. Мультимедиялық порталдан анықталған ақаулар, пойыз жасақтау пунктінен жөнелтілгенге дейін, жойылмаған жағдайда пойыздың нөмірі мен бағыты, жөнелтілетін күні, мультимедиялық портал жұмыс істемейтін вагондар саны көрсетілген еркін нысанды акт жасалады;

6) жолаушылар мен тапсырыс берушінің қызметкерлеріне арналған телефон нөмірі көрсетілген «24/7» колл-орталығының тәулік бойы жұмыс істеуін, қоңырау шалған абонентке қызметтің тегін көрсетілетіні туралы техникалық кеңес берілуін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте, жолаушылардан немесе пойыз бригадасы қызметкерлерінен мультимедиялық порталдың жұмыс істемейтіні туралы өтінім түскен жағдайда, ақауды жою үшін жеткізуші қашықтан кеңес берілуін қамтамасыз етуі тиіс. Колл-орталықтың қашықтан берген кеңесі мультимедиялық портал жүйесінің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етпеген жағдайда, жеткізуші техникалық ақауларды жою үшін техника мамандарының жолаушылар пойызының айналу станциясына баруын қамтамасыз етуі тиіс.

Жеткізуші жабдыққа техникалық қолдау көрсетіп, бағдарлама жасақтамасына жетекшілік етуі, атап айтқанда:

1) бағдарлама жасақтамасын орнату және жаңасына жаңартуы,

2) бағдарлама жасақтамасын жұмыс күйінде ұстауы,

3) қызметтер көрсетуге арналған жабдықты пайдалану жөнінде нұсқаулық әзірлеп, осы ТС талаптарына сәйкес тапсырыс берушіге жіберуі,

4) вагонды деполық жөндеуге немесе ұзақ мерзімді резервке жіберу/қайтару кезінде, пойыз құрамындағы вагондарды ауыстыру кезінде, пойыз құрамына жаңа вагондар қою кезінде, вагондарды жөндеуден кейін қайтару кезінде Тапсырыс берушінің WhatsApp мессенджері, телефон қоңыраулары арқылы пойыз жөнелтілгенге дейін кемінде 24 сағат бұрын хабарламасы бойынша қызметтер көрсету үшін қажетті өз жабдығын бөлшектеу/монтаждауды орындау тиіс.

Өнеркәсіпте қолданылатын дербес компьютердің сипаттамалары мынадай болуы тиіс:

1) процессор жиілігі: кемінде 2,5 GHz;

2) жедел жады көлемі: кемінде 8 Gb;

3) қатты диск көлемі: кемінде 512Gb.

Қойылатын нүктесінің сипаттамалары (бір вагонға кемінде екі нүктеден)

Wi-Fi кемінде:

1) Wi-Fi 4(802.11n), 5 (802.11ac) стандарттарын ұстауы тиіс;

2) жиілік диапазоны – 2,4-5 GHz;

3) күшейтілген 2,5 dBi кіріктірілген 2 антенна болуы тиіс.

Қажет болған жағдайда вагон конструкциясына сәйкес үздіксіз қуат беру көзі мен және кернеу тұрақтандырғышын пайдалану керек.

Жүйе (вагондардағы серверлік және желілік жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді (бұдан әрі – БҚ), веб-порталды, мобильді қосымшаларды, контентті басқару мен мониторингтің орталық компоненттерін қамтитын бортындағы мультимедиялық портал) Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнама актілеріне сәйкес келуі тиіс және қорғалатын ақпаратты өңдейтін ақпарат жүйелеріне қойылатын талаптарға, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII Цифрлық кодексіне,

- Қазақстан Республикасының «Киберқауіпсіздік туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Заңына,

- Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына,

- Қазақстан Республикасының «Балаларды оның денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңына,

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген ақпарат-коммуникациялар технологиясы мен ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сай болуы тиіс.

Жеткізуші:

- қызметтік желісі үшін WPA2-Enterprise/WPA3-тен төмен болмайтын шифрлама мен жасырын желі идентификаторының (SSID) қолданылуын,

- барлық жабдықтағы зауыттық есеп деректерінің пайдалануға берілгенге дейін ауыстырылуын,

- серверлік жабдықтың жабылатын шкафтарға (бөлімшелерге) орналастырылып, пломбалануын қамтамасыз етуі тиіс; пломбаның ашылу фактісі актімен тіркеледі;

- оқиғалар журналы, дербес деректер мен қызметтік ақпарат қамтылған тасымалдағыштардың шифрлануын қамтамасыз етуі тиіс.

- жолаушыларға тек мультимедиялық портал ресурстарын пайдалануға ғана рұқсат беріледі. Интернет желісіне рұқсат берілген жағдайда ол Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасына сәйкес және Тапсырыс берушімен келісу бойынша ұйымдастырылады, оған пайдаланушыларды сәйкестендіру де кіреді.

Пайдаланушылар мен жүйе компоненттерінің өзара жұмыстары деректердің қауіпсіз берілу хаттамасы (HTTPS, TLS нұсқасы 1.2-ден төмен емес) бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Тапсырыс берушінің домендеріне арналған сертификаттар шығару және беру тәртібі тапсырыс берушімен келісіледі.

- лицензиясы бар (мерзімі жоқ лицензиясы немесе open-source шешімдері бар) бағдарлама жасақтамасының орнатылуын және оның міндетті түрде күйіне келтірілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Қосымша

Приложение 1 к Технической спецификации.docx	
Техникалық ерекшелікке 1-қосымша.docx	
Қол қойған	Жуманова Алия Жанабылевна
Қол қойылған күні	26.11.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1267954 , Услуга по организации доступа к информационным ресурсам в транспорте способом Открытый тендер

Лот № 1 (138 У, 4574532) Услуга по организации доступа к информационным ресурсам в транспорте

Заказчик: Акционерное общество "Пассажирские перевозки"

Организатор: Акционерное общество "Пассажирские перевозки"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	138 У
Наименование и краткая характеристика	Услуга по организации доступа к информационным ресурсам в транспорте, Услуга по организации доступа к информационным ресурсам в транспорте
Дополнительная характеристика	Доступ к развлекательным программам, информация о расписании поезда, остановочных пунктах, основных условиях проезда, правах и обязанностей пассажира и обслуживающего персонала с возможностью размещения отзывов и предложений по вопросам сервиса и качества обслуживания, а также информацию о перечне сервисных услуг в поезде
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, По всей территории РК
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2031 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

Услуги по организации доступа к информационным ресурсам в транспорте.

Под информационными ресурсами понимаются ресурсы, включающие в себя:

Доступ к развлекательным программам, информацию о расписании поезда, остановочных пунктах, основных условиях проезда, правах и обязанностей пассажира и обслуживающего персонала с возможностью размещения отзывов и предложений по вопросам сервиса и качества обслуживания, а также информацию о перечне сервисных услуг в поезде.

Единица измерения услуги – 1 отправленный пассажир.

Утвержденный план по основным производственным показателям по предприятиям, входящим в группу компании АО "Пассажирские перевозки" на 2027-2031 годы:

в 2027 году - 12 742 649 пассажиров

в 2028 году - 13 224 375 пассажиров

в 2029 году - 13 527 998 пассажиров

в 2030 году - 13 980 045 пассажиров

в 2031 году - 14 484 460 пассажиров.

Для организации доступа к информационным ресурсам пассажирам в поездах Поставщик с использованием собственного оборудования и программного обеспечения должен загрузить информационные ресурсы и организовать доступ к информационным ресурсам в поездах в сроки, в пассажирских поездах АО «Пассажирские перевозки», предусмотренных в Приложении №1.

Услуга по организации доступа к информационным ресурсам в транспорте должна осуществляться в соответствии с требованиями:

1. Правил перевозок пассажиров, багажа, грузобагажа и почтовых отправлений железнодорожным транспортом, утвержденные Приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 апреля 2015 года № 545;

2. Национального стандарта Республики Казахстан, услуги населению обслуживание пассажиров в пассажирских поездах. Общие Требования СТ РК 1547-2021.

Веб-интерфейс системы должен быть кроссплатформенным, кроссбраузерным, адаптивным и корректно функционировать в актуальных версиях браузеров на мобильных устройствах и персональных компьютерах без необходимости установки дополнительного программного обеспечения.

Интерфейс программного обеспечения должен быть на 3-х языках (казахский, русский, английский).

Портал должен автоматически загружаться при открытии браузера и переходе по любой ссылке на устройствах пассажиров поезда, а также иметь возможность скачивания мобильного приложения через iOS (App Store) и Android (Play Market) .

Программное обеспечение, устанавливаемое на серверном оборудовании, должно иметь встроенный видеоплеер с возможностью воспроизведения видеоконтента на персональных устройствах на базе ОС Android, iOS, OS X, MicrosoftWindows, Linux без необходимости установки дополнительного программного обеспечения.

Информационные ресурсы по согласованию с Заказчиком должны включать в себя следующие обязательные информационно-развлекательные разделы и информацию:

1) о поезде (информация о расписании и станциях в пути следования);

2) услуги (информация о сервисных услугах в поезде) фото, видео, аудио материалы по усмотрению Заказчика;

3) условия и правила проезда, права и обязанности пассажира, проводника, начальника поезда;

4) новости (информация, включающая новости из средств массовой информации и корпоративные новости АО «Пассажирские перевозки»);

5) о «Вагоне - ресторане» с размещением меню и иных услуг при наличии;

6) о сервисных услугах;

7) контент, который должен составлять не менее 120 фильмов, из них:

- художественные, содержащие 50% контента Казахстанского производства, не менее 20% зарубежного;

- документальные фильмы Казахстанского производства не менее 10%;

- мультипликационные фильмы 20%.

8) наличие не менее 20 новинок полнометражных зарубежных фильмов за исключением стран СНГ.

9) музыку - 100 музыкальных произведений, содержащих не менее 50% казахстанских авторов исполнителей;

10) игры - не менее 10 игр, адаптированных под мобильные устройства;

11) электронные и аудио книги - не менее 100 книг;

12) аудиогид (аудио сопровождение по маршруту следования с описанием городов, станций и достопримечательностей, с указанием времени в пути);

13) форма для оставления отзывов и предложений пассажиров касательно организации перевозки пассажиров, оказания сервисных услуг и функционирования мультимедийного портала;

14) дополнительную информацию по усмотрению Заказчика;

15) информацию о работе бесплатного колл центра 24/7 для пассажиров и работников Заказчика с указанием номера телефона;

16) стиль интерфейса основного раздела мультимедийного портала с учетом национального колорита, а также с учетом выбранного раздела пассажиром;

17) Раздел с видеоматериалами городов Казахстана в формате Timelapse;

Информационные ресурсы не должны включать в себя следующее:

1) сцены/упоминания транспортных катастроф;

2) сцены/упоминания чрезмерного насилия и жестокости;

3) сцены/упоминания, порочащие Республику Казахстан;

4) сцены/упоминания, порочащие имидж АО НК «Қазақстан темір жолы», АО «Пассажирские перевозки» и работников железных дорог;

5) сцены/упоминания порнографического характера;

6) призывы к насилию, разжиганию межнациональной, социальной или иной розни;

7) сцены/упоминания экстремистского содержания.

Поставщик при оказании услуги по организации доступа к информационным ресурсам пассажирам в поездах должен обеспечить:

- размещение в пассажирских вагонах инструкции по подключению мультимедийного портала в виде визуальной наглядной информации, согласованной с Заказчика на казахском, русском, английском языках;

- обновление контента (фильмов, музыки) до 10 (десятого) числа ежемесячно не менее 10%;

- транслирование не менее 50% контента (художественные, мультипликационные, документальные фильмы) на казахском языке;

- предоставление информации о поезде, об услугах в поезде, дополнительной информации не менее чем на 3 (трех) языках (казахский, русский, английский).

- по письменному согласованию с Заказчиком может или по заявке Заказчика должен дополнять информационные ресурсы другими информационно-развлекательными разделами/материалами;

- наличие системы мониторинга оборудования, обеспечивающего контроль за бесперебойностью предоставления услуги, а также сбором статистических отчетов;

Поставщик при оказании услуги по организации доступа к информационным ресурсам пассажирам в поездах должен обеспечить:

1) соблюдение требований законодательства Республики Казахстан в области авторских и смежных прав, в т.ч. Закона Республики Казахстан «Об авторском праве и смежных правах»;

2) обеспечить техническое обслуживание и сопровождение Оборудования;

3) предотвращение несанкционированного доступа к информации и (или) передачи ее лицам, не имеющим права на доступ к информации;

4) применение механизмов обнаружения попыток вторжения на информационный ресурс и получения несанкционированного доступа;

5) ежедневное участие в работе постоянно-действующей комиссии филиала по подготовке состава в рейс, проводить проверку на предмет функционирования мультимедийного портала и подписывать акт о результатах осмотра в произвольной форме совместно с представителями Заказчика, опломбировать оборудование, в случае обнаружения неисправностей собственными силами устранить выявленную неисправность до отправления поезда в рейс с пункта формирования. В случае не устранения выявленных неисправностей мультимедийного портала до отправления поезда с пункта формирования составляется акт в произвольной форме с указанием номера поезда и направления, даты отправления, количество вагонов в котором неисправен мультимедийный портал;

6) круглосуточную работу колл центра 24/7 для пассажиров и работников Заказчика с указанием номера телефона, техническую консультацию по вопросам функционирования услуги, бесплатного для вызывающего абонента. При этом, в случае поступления заявки на неисправность мультимедийного портала от пассажиров или работников поездной бригады, поставщик должен обеспечить удаленное консультирование для устранения неполадок. В том случае, если удаленная консультация колл центра не обеспечит надлежащего функционирования системы мультимедийного портала, поставщик должен обеспечить выезд технических специалистов на станцию оборота пассажирского поезда для устранения технических неполадок.

Поставщик должен осуществлять техническую поддержку оборудования и сопровождение программного обеспечения, а именно:

1) инсталляция программного обеспечения и обновление до новых версий;

2) поддержание программного обеспечения в работоспособном состоянии;

3) разработать инструкцию по эксплуатации оборудования, необходимого для оказания услуг, и предоставить Заказчику в соответствии с требованиями настоящей ТС;

4) выполнять демонтаж/монтаж собственного оборудования, необходимого для оказания услуг, при направлении/возвращении вагона в деповской ремонт или длительный резерв, при замене вагонов в

составе поезда, при постановке новых вагонов в состав поезда, при возвращении вагонов после ремонта по уведомлению Заказчика посредством мессенджера WhatsApp, телефонных звонков не менее чем за 24 часа до отправления поезда.

Рекомендуемые характеристики промышленного персонального компьютера не менее:

1) частота процессора: 2,5 GHz;

2) размер оперативной памяти: не менее 8 Gb;

3) размер жесткого диска: не менее 512Gb.

Рекомендуемые характеристики точки доступа (не менее двух на вагон)

Wi-Fi не менее:

1) поддержка стандартов Wi-Fi 4(802.11n), 5 (802.11ac) ;

2) диапазон частот 2,4-5 GHz;

3) наличие 2 встроенных антенны с усилением 2.5 dBi;

В случае необходимости согласно конструкции вагона использовать источник бесперебойного питания и стабилизатор напряжения.

Система (бортовой мультимедийный портал, включающий серверное и сетевое оборудование в вагонах, программное обеспечение (далее – ПО), веб-портал, мобильные приложения, центральные компоненты управления контентом и мониторинга) должна соответствовать действующим в Республике Казахстан законодательным актам и отвечать требованиям, предъявляемым к информационным системам, осуществляющим обработку защищаемой информации, в том числе:

– Цифровому кодексу Республики Казахстан от 9 января 2026 года № 255-VIII;

– Закону Республики Казахстан от 24 ноября 2015 года № 418-V «О кибербезопасности»;

– Закону Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 94-V «О персональных данных и их защите»;

– Закону Республики Казахстан от 2 июля 2018 года № 169-VI «О защите детей от информации, причиняющей вред их здоровью и развитию»;

– Единым требованиям в области информационно-коммуникационных технологий и обеспечения информационной безопасности, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 20 декабря 2016 года № 832;

Поставщик должен обеспечить:

– использование для служебной сети шифрования не ниже WPA2-Enterprise/WPA3 и скрытого идентификатора сети (SSID);

– замену заводских учетных данных на всем оборудовании до ввода в эксплуатацию;

– размещение серверного оборудования в запираемых шкафах (отсеках) с опломбированием; факт вскрытия пломбы фиксируется актом;

– шифрование накопителей, содержащих журналы событий, персональные данные и служебную информацию.

- Пассажирам предоставляется доступ только к ресурсам мультимедийного портала. В случае предоставления доступа к сети Интернет он организуется в соответствии с законодательством Республики Казахстан в сфере связи, включая идентификацию пользователей, и по согласованию с Заказчиком.

Взаимодействие пользователей и компонентов Системы должно осуществляться по безопасному протоколу передачи данных (HTTPS, TLS версии не ниже 1.2). Порядок выпуска и предоставления сертификатов для доменов Заказчика согласовывается с Заказчиком.

– установка лицензионного программного обеспечения (с бессрочной лицензией либо open-source решений) с обязательной настройкой обновлений.

Приложение

Приложение 1 к Технической спецификации.docx

Техникалық ерекшелікке 1-қосымша.docx

Подписал	Жуманова Алия Жанабылевна
Дата подписания	26.11.2026